

  
kids



**Пайдалану бойынша  
нұсқаулық**

**Балаларға арналған  
DEXP  
Kid's Kitty Pinky  
шағын камерасы**

# Мазмұн

Сақтық шаралары .....	4
Құрылғы схемасы.....	5
Құрылғымен жұмыс істеу .....	6
Қосу/өшіру.....	6
SD картасын орнату .....	6
Фотоға түсіру.....	6
Бейнеге түсіру .....	6
Ойнату режимі .....	7
Реттеулер .....	7
Акумулятор батареясын зарядтау .....	7
Реттеулерді қайта орнату .....	7
Техникалық сипаттамалары .....	7
Жинақталым.....	7
Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары .....	8
Қосымша ақпарат .....	8

# Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді сатып алғаныңызға рақмет.

Сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастаудан бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат пен өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстар көрсетілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.



Фотокамера суретке және бейнеге түсіруге арналған.

## Сақтық шаралары

- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғыны суға батырмаңыз және суға жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны құлаудан, соққыдан және селкілдеуден қорғаңыз. Ұқыпсыз пайдалану ішкі контактілерді және тақталарды зақымдауы мүмкін.
- Бұл құрылғы қозғалу, сезу немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі балалардың және адамдардың (олардың жанында қауіпсіздікке жауапты басқа бақылаушы адам болмаса) пайдалануына арналмаған.
- Құрылғы зақымдалмас үшін ылғалдың, оттың және айрықша температураның әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны қатты ыстық әсер ететін жерде сақтамаңыз.
- Аккумулятор батареясы ересектердің бақылауымен зарядталуы керек.
- Құрылғыны біліксіз манипуляциялау (модификациялау, жөндеу және т.б.) оған және құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
- Объективті тазалау үшін тек арнайы майлықтарды және оптикалық жабдықтарды тазалауға арналған құралдарды пайдаланыңыз. Абразивтерді, сұйықтықтарды және химиялық заттарды пайдаланбаңыз.
- Кәбілдің немесе құрылғының көзге көрінетін зақымдалуын байқасаңыз, ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының жұмысында ақау пайда болса, оны пайдалануды тоқтатып, рұқсаты бар қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Құрылғы схемасы

1. Индикатор шамы.
2. «Түсіру» түймесі
3. «Қосу/Өшіру» түймесі.
4. «Жоғары» түймесі.
5. «Оңға» түймесі.
6. «Төмен» түймесі.
7. «Солға» түймесі.
8. USB порты.
9. «Қайта орнату» түймесі.
10. Жад картасына арналған ұяшық.
11. Динамик.
12. Объектив.



# Құрылғымен жұмыс істеу

## Қосу/өшіру

Камераны қосу/өшіру үшін «Қосу/Өшіру» түймесін басып тұрыңыз.

## SD картасын орнату

Бұл құрылғы microSD форматындағы көлемі 32 Гб жад картасын қолдайды. Ішкі жад тексеруге арналған 1 фотосуретті сақтауға ғана пайдаланылады. Ол камераны өшірген кезде жойылады.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- SD картасын орнатқаннан кейін, түсірген барлық фотосурет пен бейне автоматты түрде картаға сақталады.
- Форматтау SD картасындағы барлық деректі, соның ішінде қорғалған деректі жояды.
- Картаны форматтау кезінде шығармаңыз. Карта зақымдалып, әрі қарай пайдалануға жарамай қалуы мүмкін.

## Фотоға түсіру

1. Фотоға түсіру режиміне өту үшін басты мәзірден сәйкес белгішені таңдап, «Түсіру» түймесін басыңыз.
2. Камераны бір қалыпқа қойып, суретке түсіру үшін «Түсіру» түймесін басыңыз. Құрылғы суретті сақтау үшін бірнеше секунд қажет.
3. Фотосуреттерді таңдалған ажыратымдылықта сақтауға арналған жад картасы ұяшықтарының саны камераның дисплейінде көрсетіледі. SD картасы толған кезде, дисплейде сәйкес хабарландыру көрсетіледі. Бос жад картасын салыңыз немесе құрылғымен жұмыс істеуді жалғастыру үшін керек емес фотосуреттерді жойыңыз.
4. Суретке түсіру және сүзгілер режимін ауыстыру үшін «Солға»/«Оңға» түймелерін басыңыз.
5. Басты мәзірге оралу үшін «Қосу/Өшіру» түймесін басыңыз.

## Бейнеге түсіру

1. Бейнеге түсіру режиміне өту үшін басты мәзірден сәйкес белгішені таңдап, «Түсіру» түймесін басыңыз.
2. Түсіруді бастау үшін «Түсіру» түймесін басыңыз. Түсіруді тоқтату үшін «Түсіру» түймесін тағы басыңыз.
3. SD картасы толған кезде, дисплейде сәйкес хабарландыру көрсетіледі. Бос жад картасын салыңыз немесе құрылғымен жұмыс істеуді жалғастыру үшін керек емес файлдарды жойыңыз.
4. Басты мәзірге оралу үшін «Қосу/Өшіру» түймесін басыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** камераның ішкі жады шектелген және бейнероликтер сақталмайды, егер оған SD картасы салынбаса, бейнеге түсірмейді.

## Ойнату режимі

1. Ойнату режиміне өту үшін басты мәзірден сәйкес белгішені таңдап, «Түсіру» түймесін басыңыз.
2. Ойнатқыңыз келетін файлды таңдау үшін «Солға»/«Оңға» түймелерін басыңыз, таңдау растау үшін «Түсіру» түймесін басыңыз.
3. Басты мәзірге оралу үшін «Қосу/Өшіру» түймесін басыңыз.

## Реттеулер

1. Реттеу мәзіріне өту үшін басты мәзірден сәйкес белгішені таңдап, «Түсіру» түймесін басыңыз.
2. Мәзір тармағын таңдау үшін «Солға»/«Оңға» түймелерін пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «Түсіру» түймесін басыңыз.
3. Басты мәзірге оралу үшін «Қосу/Өшіру» түймесін басыңыз.

## Аккумулятор батареясын зарядтау

Аккумуляторды зарядтау үшін камераны қуат көзіне USB кәбілі арқылы қосыңыз.

## Реттеулерді қайта орнату

Реттеулерді ине (немесе басқа ұзын жіңішке нәрсе) арқылы қайта орнату үшін USB портының жанындағы түймені басыңыз.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: Kid's Cam Kitty Pinky.
- Фотосурет ажыратымдылығы: 3 Мп\*.
- Бейне ажыратымдылығы: 1080P\*, 720P\*, VGA.
- Дисплей диагоналі: 2".
- Жад картасын қолдау: TF card, көлемі: 32 Гб.
- Аккумулятор көлемі: 400 мА·сағ.
- Шолу бұрышы: 120°.
- Қорғау дәрежесі: IPX0.
- Номиналды кернеу: 3,7 В.
- Шығыс қуаты: ≤ 1 Вт, 50 Гц.

## Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.
- Зарядтауға арналған USB кәбілі.
- Қорғаныс қабы.
- Тасымалдау белдігі.

---

\* Интерполяцияланған

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты түрде бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C және 40°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Бөлмелерде коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы керек.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанудың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және утилизациялау үшін оны электр және электрондық жабдықтарды қабылдайтын тиісті орынға утилизациялау үшін тапсыру керек. Бұл өнімді дұрыс утилизациялау арқылы табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда болуы мүмкін қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиянды болдырмайсыз. Бұл өнімді қабылдау және утилизациялау орындары туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақау пайда болса, дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны утилизациялаңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Айсан Тэкнолоджи Ко., Лтд.

**Заңды мекенжайы:** 13-ші ғимарат, Чансин өнеркәсіп аймағы, Ваньань тас жолы, Шацзин, Баоань ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радио-электроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы көрінісі мен оның сипаттамалары сапаны жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта келтірілгеннен ерекшеленуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.5



# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік бойынша қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:  
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде көрсетілген керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған адаптерлер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждауға арналған керек-жарақтар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектері.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін орындамайды:**

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей тағайындалуына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды бұзу, қосу (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау қағидаларын сақтамау салдарынан өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған зақымданулар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, жапырылу және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті жоқ адамдардың бөгде модификациясының, рұқсатсыз жөндеудің іздері бар. Егер ақау өнімнің дизайнының немесе схемасының өзгеруіне, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғат апаттары, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Өнімнің ішіне бөгде заттардың, бөтен дененің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан пайда болған ақау өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелді.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құралдың әсерінен; БҚ жеткізушінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты олардан арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюдан туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулары қуат беретін, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Стандартқа сай емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдары, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, қуат көзі элементтері, түрлі ақпарат тасу құралдары (CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдаланылса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті (әуендер, графика, видео және басқа файлдар, Java қосымшалары және соларға ұқсас бағдарламалар) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса.
- Осы бұйыммен түйіндесіп жұмыс істейтін басқа жабдықтау келтірілген залалға.





